


Сабактың тақырыбы:

§ 16. Үшбұрыштардың ұқсастығы.

9

Мырзахметова Б
СЫНЫП



Сабақтың мақсаты:



- Үшбұрыштардың ұқсастығы туралы мағлұмат беру
- а) Білімділік: Үшбұрыштардың ұқсастығы туралы түсінік қалыптастыру.
- ә) Дамытушылық: Үшбұрыштардың ұқсастығының белгілерін есеп шығару барысында пайдалана білуге дағдыландыру.
- б) Тәрбиелік: Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, төзімділікке тәрбиелеу

Сұрақтар



- Қандай фигуралар тең фигуралар деп аталады ?
- Тең фигуралардың қандай қасиеттері бар ?
- Үй тапсырмасын тексеру
- 2. Берілген: 2) кесіндіге, 4) төртбұрышқа гомотетиялы фигуралар салыңдар (гомотетия коэффициентерін өздерің таңдаңдар)
- 3. Бір түзудің бойында жатпайтын А, В және С нүктелері берілген. Ұқсастық коэффициенті: ә) 0,5-ке тең деп алып, берілген фигураға ұқсас фигура салыңдар.




- Егер ABC және $A_1B_1C_1$ үшбұрыштарды ұқсас болса, онда бұл үшбұрыштардың сәйкес бұрыштары өзара тең және сәйкес қабырғалары пропорционал.



- 12-теорема. Егер бір үшбұрыштың екі бұрышы екінші үшбұрыштың екі бұрышына тең болса, онда мұндай үшбұрыштар ұқсас .
- 13-теорема . Егер бір үшбұрыштың екі қабырғасы екінші үшбұрыштың екі қабырғасына пропорционал және бұл қабырғалардың арасында бұрыштары өзара тең болса, онда мұндай үшбұрыштар ұқсас.



- 14-теорема. Егер бір үшбұрыштың үш қабырғасы екінші үшбұрыштың үш қабырғасына пропорционал болса, онда мұндай үшбұрыштар ұқсас





- № 175
- Берілгені: $AB = 7$ см, $BC = 5$ см, $AC = 4$ см. Қысқа қабырғасы 1,5 см болатын берілген үшбұрышқа ұқсас үшбұрыштың қабырғаларын есептеңдер.
- $4 : 1,5 = 2,666$; $5 : 2,666 = 1,875$; $7 : 2,666 = 2,625$
- Жауабы: 1,5 см ; 1,875 см; 2,625 см.



- №176
- Берілгені: $AB = 6$ см, $BC = 4$ см, $AC = 3$ см. Ұзын қабырғасы 3,5 см болатын берілген үшбұрышқа ұқсас үшбұрыштың қабырғаларын есептеңдер.
- $6 : 3,5 = 1,714$; $4 : 1,714 = 2,333$; $3 : 1,714 = 1,75$
- Жауабы: 3,5 см; 2,333 см; 1,75 см



□ Қорытынды.Сабақты бекіту

Сұрақтары бар қорап



- Кабинетте қорап қойылып, оған оқушылар сабақтың соңында өз сұрақтарын қалдыра алады. Бұл сұрақтар келесі сабақтың басында талқыланады.



Басбармақ жоғарыға қарай = Мен
түсінемін.

Басбармақ көлденең = Мен
түсінгендеймін.

Басбармақ төмен қарай = Мен
түсінбедім.

